



**ГЕОРГ ВИЛЬГЕЛЬМ
ФРИДРИХ ГЕГЕЛЬ**

Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1831)



- 1770 жылдың 27 тамызында Штутгарт қаласында дүниеге келген
- Тюбинген теологиялық университетінде оқыған (1788-1793)
- Йена университетінде оқытушы (1801-1807)
- Нюрнберг гимназиясының директоры (1808-1816)
- Гейделберг университетінде оқытушы (1816-1818)
- Берлин университетінде оқытушы (1818-1831)
- Берлинде 1831 жылы 14 қарашада қайтыс болған



Негізгі еңбектері



- “Рух
феноменологиясы
” (1807)

The image shows the front cover of a book. The cover is a solid, deep blue color. At the top, the author's name 'Г. В. Ф. Гегель' is printed in a light-colored, serif font. Below the name is a decorative horizontal line with a central flourish. Underneath this line, the title 'НАУКА ЛОГИКИ' is printed in a smaller, light-colored, serif font. The bottom half of the cover features a faint, embossed or printed tree-like diagram, which is a central element of Hegel's logic. The overall design is simple and academic.

Г. В. Ф. Гегель

НАУКА
ЛОГИКИ

“Логика
ҒЫЛЫМЫ”
(1812)



- “Тарих философиясы”,
“Құқық философиясы”
(1821)
- «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы»

Мемлекет пен құқыққа

көзқарасы

- Құқық философиясы - философияның гегельдікі жүйесінің аса маңызды құрамдас бөлігі.
- Гегель азаматтық қоғам мен саяси мемлекеттің ара-жігін ажыратып қарастырады. Оның ойынша, мемлекет дамудың ең жоғарғы сатысы - азаматтық қоғамда пайда болады. Азаматтық қоғам деп ол буржуазиялық қоғамды түсінеді. Азаматтық қоғам- ерекше, жеке мақсаттарды және жеке адам мүдделерін жүзеге асыру аясы..

Азаматтық қоғамның үш негізгі тұсы:

- қажеттіліктер жүйесі,
- әділ сот,
- полиция және бірлестіктер.

Азаматтық қоғам құрылымында үш сословиені атап көрсетеді:

- субстанционалды (жер иеленушілер - дворяндар мен шаруалар);
- өнеркәсіптік (фабриканттар, саудагерлер, қолөнершілер);
- жалпылама (шенеуніктер).

- Гегельдің пікірінше, философия — өтіп кеткен процесті, тарихты оймен шолу. Әйтсе де, ол тарихқа өткен шақ деп қарамайды, үздіксіз жалғаса беретін процесс ретінде бағалайды.





ГЕОРГ ВИЛЬГЕЛЬМ
ФРИДРИХ ГЕГЕЛЬ

Кто мыслит
абстрактно?

- Қоғам өміріне, әсіресе, дін мен саясат мәселелеріне арналған алғашқы философиялық шығармаларының бірі — “Кім абстрақтылы ойлайды” атты мақаласында

Көзқарасы

- Таным теориясының келелі мәселелерін көтере отырып, өзіне дейін қалыптасқан “сезімділік, пайым — нақтылықтық бейнесі, ал абстрактылық — ойдың жоғарғы даму үрдісімен тығыз байланысты” деген пікірге қарсы шықты.



- Гегельдің ойынша, дүниеде бір күйде қалатын, өзгермейтін ештеңе жоқ. Қоғамның, адамның, танымның, тарихтың дамуы — объективті процесс, ешкім оны тоқтата алмайды.
- Табиғаттың дамуы адамға келіп тіреліп, адамзат, қоғам тарихына ұласып кетеді.
- Гегель дамуды сапалы, үдемелі, қайшылықты, төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге, абстрактыдан нақтыға қарай жүріп отыратын процесс деп қарайды.

Даму

- даму — бар заттың ескіріп, ескінің жойылып, оның негізінде жаңаның пайда болу процесі.
- дамудың себебі мен көзі қайшылықта, тұтас нәрсенің екіге — қарама-қарсылықтарға бөлінуінде, қарама-қарсылықтардың күресі мен бірлігінде екендігін дәлелдеді.

Қайшылық

- Гегельдің жан-жақты негіздеген ұғымдарының бірі — қайшылық ұғымы.
- Қайшылық — дамудың объективті заңы, дамудың көзі, импульсі.
- Қайшылықты болдырмау мүмкін емес. Қайшылық әрбір затта пайда болып, дамып, жетіліп, шешіліп отырады. Қайшылық, яғни қарама-қарсылықтардың күресі мен бірлігі арқылы зат өсіп жетіледі, дамиды, бір сатыдан екінші сатыға өрлейді.

- 
- Гегельдің ілімінше, ұғым, таным, рух — процесс. Олардың даму көзі — олардың өзінде. Даму барысында белгілі бір зат өзінің қарама-қарсылығына айналады.
- 

Идея

- Гегель түсінігінде материалдық заттардың түп негізі — идея. Гегель идея мен заттың қарым-қатынасында идеяны анықтаушы рөл атқарады деп есептейді. Идеяны зат арқылы түсіндірмек болған материалистік көзқарасты жоққа шығарады.

Зат


- Гегель затты (мыс., қоғамдық құбылыстарды) идеямен өлшеп, идеямен салыстырып отыру керек дейді:
- зат өзінің идеясына сәйкес келе ме, жоқ па?
- Адам өзінің адам деген атына лайық па, жоқ па?
- Әрбір зат идеяның жүзеге асқан түрі болып табылады

Рух

- Гегель ілімінің терең мазмұнды ұғымдарының бірі — рух. Гегель рухты адам өмірінің негізі, субстанциясы деп есептейді. Адам өзін рухта ғана, рух арқылы ғана көрсете алады.
- Рухы биік адам — өз атына лайық адам.
- Рухы биік халық — өр, өжет, намысқой халық.

Логика

- “Логика ғылымында” жаңа, жанды, мазмұнды әрі өмірмен, тарихпен астасып жатқан логиканың — диалектикалық логиканың негізін қалады. Гегель ілімінше, ойлау категориялары құр атау, схема емес, олардың негізінде нақты өмір, тарих жатыр.



Назарларыңызға
рахмет!